

**"Ақмола облысы білім басқармасының  
жанындағы Щучинск қаласы жоғары  
педагогикалық колледжі" МКҚК**

# **Жарғысы**

**Щучинск қаласы 2024 жыл**



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ Ақмола облысы білім басқармасы  
жанындағы Щучинск қаласы жоғары педагогикалық колледжі  
20.12.2024  
990340002100  
03.03.1999



Ақмола облысы әкімдігінің  
202 жылғы 25 қарашадағы  
№А-11/582 қаулысымен  
бекітілген

**«Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы Щучинск қаласы, жоғары педагогикалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны мекемесінің  
ЖАРҒЫСЫ**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. «Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы Щучинск қаласы, жоғары педагогикалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдастыру-құқықтық нысандағы заңды тұлға болып табылады.
2. Кәсіпорынның құрылтайшысы Ақмола облысының әкімдігі болып табылады (бұдан әрі - Құрылтайшы).
3. «Ақмола облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган (бұдан әрі - тиісті саланың әкілетті органы) болып табылады.
4. Кәсіпорынның атауы: «Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы Щучинск қаласы, жоғары педагогикалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.
5. Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, индексі 021700, Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Щучинск қаласы, Бауыржан Момышұлы көшесі, 23.

**2 -тарау. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі**

6. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, балансы, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланктері және мөрі болады.
7. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорын заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.
8. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге кататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының

заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

### 3-тарау. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

9. Кәсіпорын қызметінің мәні білікті кадрларды, оның ішінде жұмысшыларды, орта буын мамандарын және қолданбалы бакалаврларды, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу бағдарламаларын даярлауға бағытталған техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыру болып табылады.

10. Кәсіпорын қызметінің мақсаты:

1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

2) тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамытуға жағдай жасау арқылы интелекті байыту;

3) азаматтыққа және патриотизмге, өз Отанына - Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халықтық дәстүрлерді құрметтеуге, конституцияға қарсы және қоғамға қарсы кез-келген көріністерге төзбеушілікке тәрбиелеу;

4) белсенді азаматтық ұстанымы бар тұлғаны тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттіліктерін, тұлғаның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

5) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ және республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу, мемлекеттік, орыс, шет тілдерін меңгеру;

6) педагог қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;

7) білім беру ұйымдарының автономдығын, дербестігін кеңейту, білім беру ісін басқаруды демократияландыру;

8) кәсіптік білім беруді қоғам мен еңбек нарығының өзгермелі қажеттіліктеріне тез бейімдеуге ықпал ететін оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кредиттік, қашықтықтан, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану;

9) жалпы оқыту, жұмыс орнында оқыту, еңбек нарығының қажеттіліктері арасындағы байланысты қамтамасыз ететін және барлығына білім мен құзыреттілікке негізделген қоғамдағы жеке әлеуетін барынша пайдалануға көмектесетін өмір бойы оқыту жүйелерін дамыту;

10) білім, ғылым және өндіріс интеграциясы;

11) білім алушылардың кәсіби уәждемесін қамтамасыз ету;

12) жұмыс берушілермен және басқа да әлеуметтік әріптестермен белсенді өзара іс қимыл жасау арқылы техникалық және кәсіптік білім берудің озыңқы дамуын қамтамасыз ету;

13) ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) білім алуы үшін арнайы жағдайлар жасау болып табылады.

11. Қойылған мақсатты іске асыру үшін кәсіпорын мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) мемлекеттік қызметтер көрсетеді;

2) ішкі тәртіп ережелерін әзірлейді және бекітеді;

3) жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламаларын әзірлейді және бекітеді;

4) қысқартылған оқу мерзімі бар білім беру бағдарламаларын әзірлейді және бекітеді;

5) оқу жылына бекітілген оқу-тәрбие процесінің кестесі және теориялық және практикалық сабақтар кестесі негізінде оқу-тәрбие жұмысын жоспарлайды;

6) оқытудың жаңа технологияларын сынақтан өткізу, білім берудің жаңа мазмұнын енгізу үшін эксперимент режимінде жұмыс істейтін білім беру ұйымдарында (эксперименттік алаңдарда) іске асырылатын эксперименттік білім беру бағдарламаларын әзірлейді.

7) оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кредиттік оқыту технологиясын және қашықтықтан білім беру технологиясын енгізеді;

8) білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізеді;

9) білім алушыларға білім берудің тиісті деңгейіне сәйкес мемлекеттік үлгідегі құжатты бере отырып, жұмысшы біліктіліктерін, «орта буын маманы», «қолданбалы бакалавр» біліктіліктерін қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша береді;

10) уәкілетті орган мемлекеттік білім беру ұйымдарындағы қызметкерлерге лауазымдық айлықақыларды (ставкаларды), қосымша ақыларды, үстемеақыларды және өзге де ынталандырушы төлемдерді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өз қаржы қаражаты шегінде белгілейді;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кадрлардың біліктілігін арттыруды және оларды қайта даярлауды қамтамасыз етеді;

12) материалдық-техникалық жарақтандыруды және жабдықты қамтамасыз етеді;

13) тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) ақылы негізде ұсынады: Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ұзартылған күн топтарын, спорттық жарыстар өткізуді, балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру қызметтерін, семинарлар мен форумдар өткізуді, жатақханада тұру үшін орындар беруді, ыстық тамақтану қызметтерін және

басқа да қызметтерді ұйымдастырады;

14) экономика салалары мен жұмыс берушілердің қажеттіліктерін ескере отырып, білім беру жүйесі қызметінің нәтижелерін арттыруға және кадрларды даярлау деңгейіне қол жеткізуге бағдарланған кәсіптік білім беру саласындағы әлеуметтік әріптестікті дамытады;

15) оқытудың өндіріспен байланысын, оның ішінде дуальды оқытуды енгізу жолымен, мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде жұмыс берушілердің қаражатын қоса алғанда, қосымша қаржыландыру көздерін тартуды нығайтады;

16) кәсіптік практиканы ұйымдастыру және өткізу қағидаларын және ұйымдарды практика базасы ретінде айқындау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

17) білім алушыларды денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен келісім бойынша білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен ыстық тамақпен қамтамасыз етеді;

18) студенттерге алғашқы медициналық-санитарлық және дәрігерге дейінгі көмек көрсетеді;

19) білім алушылардың денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді;

20) балалардың денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпаратқа қол жеткізуін шектеуге арналған байланыс операторларының қызметтерін пайдалана отырып, білім алушылардың интернетке қолжетімділігін қамтамасыз етеді;

21) білім алушылардың жекелеген санаттарына Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қосымша жеңілдіктер мен материалдық қамтамасыз ету түрлерін уақтылы беруді қамтамасыз етеді;

22) білім алушыларды белгіленген нормалардан төмен емес ұстауды және тұру жағдайларын қамтамасыз етеді;

23) қоғамдық өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің қызметіне жәрдемдеседі;

24) кадрларды кәсіби даярлаудың қазіргі заманғы нысандарын, оның ішінде мобильді оқу орталығы арқылы енгізеді.

12. Кәсіпорында мамандарды даярлау мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде, сондай-ақ кәсіпорын жеке және заңды тұлғалармен жасасатын шарттар негізінде мамандық алу бойынша ақылы білім беру қызметтерін іске асыру арқылы жүргізіледі.

13. Кәсіпорын бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін білім беру қызметтерінің көлемінен тыс ақылы негізде білім беру қызметтерін ұсынуға, өндірістік-шаруашылық қызметтен кіріс алуға және өзі өндіретін өнімді, сондай-ақ «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабының 3-тармағына сәйкес ақылы негізде басқа да қызметтерді дербес өткізуге құқылы.

14. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын кәсіпорынға оқуға қабылдау тәртібі қабылдаудың үлгілік қағидаларында белгіленеді.

Мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес оқуға қабылданған студенттер, сондай-ақ кәсіпорын қызметкерлері қолданыстағы заңнамаға сәйкес қызмет көрсету тәртібімен жатақханадағы орындармен қамтамасыз етіледі.

Оқу орны білім алушының жеке басының құқықтарын қорғауға және оның әлеуметтік қорғалуына жауап береді.

15. Білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау техникалық және кәсіптік білім беру және орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

16. Білім алушыларға академиялық демалыс беру дәрігерлік-консультативтік комиссияның қорытындысы, әскери қызметке шақыру туралы шақыру қағазы негізінде жүзеге асырылады.

17. Кәсіпорындағы тіл саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Кәсіпорын білім алушылардың қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде білуін, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес орыс тілі мен ағылшын тілін үйренуін қамтамасыз етеді.

18. Сабақ режимі:

Колледждегі оқу жылы екі семестрден, сызықтық оқыту технологиясымен және кредиттік оқыту технологиясымен триместрлерден тұрады.

Оқу сабақтары 1 қыркүйектен басталып, белгілі бір мамандық бойынша оқу процесінің кестесіне сәйкес аяқталады.

Демалыстың ұзақтығы оқу процесінің кестесіне және мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес айқындалады.

Аудиториялық және аудиториядан тыс оқу жұмыстарының барлық түрлерін қоса алғанда, білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі аптасына 54 сағаттан аспауға тиіс. Күндізгі оқу нысаны кезінде білім алушылардың міндетті оқу жүктемесі теориялық оқу кезеңінде аптасына 36 сағаттан аспауға тиіс, бұл ретте көрсетілген көлемге факультативтік пәндер бойынша сабақтар мен консультациялар кірмейді.

Кәсіптік практикадан өту кезеңінде білім алушылар Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жасын ескере отырып, мекеме режимі бойынша жұмыс істейді. 18 жасқа толған адамдар үшін апталық жүктеме 40 сағатты құрауы мүмкін.

Аудиториялық сабақтардың барлық түрлері үшін екі академиялық сағаттан кейін 10 минут үзіліспен жұптастырылған сабақтар белгіленеді.

Екі жұптасқан сабақтан кейін білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру мақсатында ұзақ үзіліс көзделеді.

Жұмыс режимі-бес күндік жұмыс аптасы.

19. Ағымдағы, аралық және қорытынды аттестаттаудың нысаны, тәртібі мен кезеңділігі оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламалары негізінде әзірленеді және айқындалады.

Білім алушыларды аттестаттау оқу жоспарының барлық пәндері бойынша аптасына төрт және одан да көп сағат жүктемемен айына бір рет өткізіледі. Әр семестрдегі қорытынды бағалар ағымдағы аттестаттау нәтижелері бойынша және емтихан сессиясының нәтижелері негізінде шығарылады. Семестрде, триместрде аттестаттау нәтижелері бойынша 3 және одан да көп пәндер бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған білім алушылар колледжден шығарылады.

20. Студенттер мен Кәсіпорын арасындағы қатынастар Жарғымен және Ішкі тәртіп ережелерімен белгіленеді.

Кәсіпорынның құқығы бар:

1) білім алушыдан Кәсіпорынның ішкі тәртіп қағидаларында белгіленген міндеттерді адал және тиісінше орындауды, оқу тәртібін сақтауды, сондай-ақ білім беру ұйымының оқытушыларына, қызметкерлеріне және білім алушыларына дұрыс және құрметпен қарауды талап етуге;

2) білім алушыларға оқу тәртібін, жарғы талаптарын және ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін тәртіптік ықпал ету шараларын қолдану;

3) білім алушыдан білім беру ұйымының мүлкіне ұқыпты қарауды, компьютерлік және басқа да жабдықтармен жұмыс істеу ережелерін сақтауды талап ету. Материалдық залал келтірілген жағдайда, оны қалпына келтіруге жұмсалған шығындарды өтеу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен айқындалады;

4) білім алушыларды оқу, ғылыми және шығармашылық қызметтегі жетістіктері үшін көтермелеуді және марапаттауды жүзеге асыру.

Білім алушылардың құқықтары:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алу;

2)

педагогикалық кеңестің шешімі бойынша жеке оқу жоспарлары, қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары шеңберінде оқыту;

3) оқу жоспарына сәйкес балама курстарды таңдау;

4) ақылы негізде өзінің бейімділігі мен қажеттіліктеріне сәйкес қосымша білім беру қызметтерін, білімді алу;

5) студенттік өзін-өзі басқару органдарына қатысу;

6) кәсіпорын басшысының бұйрығы негізінде бір оқу орнынан екіншісіне, бір мамандықтан немесе білім беру бағдарламасынан екіншісіне, ақылы негізден мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға немесе оқытудың бір нысанынан екіншісіне қайта қабылдау және ауыстыру;

7) білім беру ұйымдарында ақпараттық ресурстарды, оның ішінде мүгедектерге, мүмкіндігі шектеулі балаларға

қолжетімді нысандарға пайдалану, әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен, оның ішінде мүгедектерге, мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған құралдармен қамтамасыз ету;

оқулықтармен, оқу-

8) Спорт, оқу, акт залдарын, компьютерлік сыныптар мен кітапхананы тегін пайдалану;

9) ақылы негізде оқыту кезінде оқу шығындарын кезең-кезеңімен төлеу кезінде бұл ретте еңбекақы төлеу мөлшері өзгертілуі мүмкін, бірақ еңбек ақысын төлеуге арналған шығыстар ұлғайған жағдайда тараптардың келісімі бойынша жылына бір реттен артық емес;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты жұмыспен қамту саласындағы жағдай туралы ақпарат алу;

11) өз пікірі мен сенімін еркін білдіру;

12) адамның қадір-қасиетін құрметтеу;

13) оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі жетістіктері үшін көтермелеу және марапаттау.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша күндізгі оқу нысанындағы білім алушылардың құқықтары:

1) жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүру;

2) оқудан бос уақытта оқуды жұмыспен ұштастыру;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру.

Білім алушылардың міндеттері:

1) Жарғы мен ішкі тәртіп ережелерін сақтау, кәсіпорын басшысының бұйрықтары мен өкімдерін орындау;

2) сабақтар өткізілмеген жағдайда кәсіпорынды хабардар ету;

3) кәсіпорынның мүлкіне ұқыпты қарау және оны ұтымды пайдалану, жатақханада оқу және тұру үшін тиісті жағдайлар жасауға қатысу;

4) әскери есепке алу қағидаларын сақтау.

21. Кәсіпорын жанында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін, оқу бағдарламаларын іске асыру үшін «Гүлдер» толық күн болатын мектепке дейінгі шағын орталық жұмыс істейді, оның міндеттері:

1) мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау;

2) тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілер үшін дене, зияткерлік және жеке дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;

3) сапалы мектеп алды даярлықты қамтамасыз ету;

4) тәрбиеленушінің толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара әрекеттесу;

5) тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулықты сақтау мәселелері бойынша ата-аналарға консультативтік және әдістемелік

көмек көрсету.

Шағын орталықтың қызметі жарғыға, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына, санитарлық қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

22. Шағын орталықтың білім беру қызметі мыналарға сәйкес жүзеге асырылады:

1) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген бір жастан алты (жеті) жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына;

2) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады.

23. Шағын орталықты жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларына сәйкес жүзеге асырылады.

24. Топтар бір жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақталады.

25. Шағын орталық бес күндік жұмыс аптасы режимінде жұмыс істейді.

26. Шағын орталық өзінің қызметін:

1) 1 қыркүйектен 31 мамырға дейін – оқу жылы (бағдарламаның мазмұнын игеру кезеңі, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген);

2) 1 маусымнан 31 тамызға дейін – жазғы сауықтыру кезеңі;

3) мектеп жасына толған тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымнан шығару жыл сайын 1 тамызға дейін жүзеге асырылады;

4) тәрбиеленушілердің бір жас тобынан екіншісіне ауысуы ағымдағы жылғы 1 тамыздан бастап 31 тамызға дейін тәрбиеленушінің ағымдағы жылғы 1 қыркүйекке толық жасқа жетуін ескере отырып жүзеге асырылады.

Мектепалды даярлық топтарда оқу процесі ағымдағы жылғы 1 қыркүйектен келесі жылғы 25 мамырға дейін жүзеге асырылады. Оқу жылы ішінде каникул белгіленеді.

27. Тәрбиеленушінің шағын орталықтағы орны сақталатын жағдайлар:

1) тәрбиеленушінің денсаулық сақтау, білім беру ұйымдарында және өзге де ұйымдарда науқастануы, емделуі, сауықтырылуы, түзетілуі және оңалтылуы жағдайында (көрсетілім бойынша анықтама, қорытынды ұсынған кезде);

2) тәрбиеленушінің ата-анасының бірі немесе заңды өкілі тәрбиеленушіні жылына екі айға дейінгі мерзімге демалысқа немесе сауықтыруға жазбаша өтініш берген кезде;

3) елді мекенде төтенше жағдай енгізілген (әлеуметтік, табиғи, техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар) кезеңде.

28. Тәрбиеленушілерді шағын орталықтан шығару мынадай жағдайларда жүргізіледі:

1) мектепке дейінгі ұйым мен тәрбиеленушінің ата-анасы немесе өзге де заңды өкілі арасындағы шарт талаптарын бұзған жағдайда;

2) тәрбиеленуші дәлелді себептерсіз және әкімшілікке ескертусіз бір айдан астам уақыт өткізген жағдайда;

3) дәрігерлік консультациялық комиссияның анықтамасы негізінде оның орталықта болуына кедергі келтіретін медициналық қарсы көрсетілімдер болған жағдайда.

29. Шағын орталық пен заңды өкілдер арасындағы қарым-қатынас баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдау кезінде жасалатын шартпен реттеледі.

30. Тәрбиеленушінің, ата-аналардың және шағын орталық қызметкерлерінің қарым-қатынасы білім беру процесіне қатысушылардың ынтымақтастығы, өзара сыйластығы негізінде және тәрбиеленушіге жеке ерекшеліктеріне сәйкес даму еркіндігін беруді ескере отырып құрылады.

31. Шағын орталықтың педагогтары мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған жағдайда тәрбие-білім беру процесін ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын дербес таңдайды.

32. Шағын орталық осы мектепке дейінгі ұйыммен қамтылмаған және қамтылған тәрбиеленушілер үшін жұмыс және демалыс күндері білім беру, сауықтыру сипатындағы қосымша ақылы қызметтер көрсетуге құқылы.

33. Шағын орталықта балалары мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған ата-аналар үшін отбасы мен тәрбиеленушіні әлеуметтік-педагогикалық қолдау мақсатында консультациялық пункттер құрылады.

34. Шағын орталық екі жастан алты жасқа дейінгі балаларға арналған бүлдіршін және мектепке дейінгі жастағы топтардың болуын көздейді.

35. Педагог қызметкердің құқықтары мен міндеттері:

Педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезіндегі құқықтары:

1) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған жағдайда кәсіптік қызметті ұйымдастыру тәсілдері мен нысандарын еркін таңдау;

2) лауазымды адамдар мен басқа да адамдар тарапынан заңсыз араласудан және кедергі келтіруден қорғалу;

3) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан кәсібіне құрметпен қаралу және тиісінше мінез-құлық көрсетілу;

4) кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілу және қажетті жағдайлардың жасалуы;

5) ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыру, педагогтік практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізу;

6) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған кезде шығармашылық бастама жасау, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеу және қолдану, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамыту және тарату;

7) білім беру бағдарламасына сәйкес оқу құралдарын, материалдарды және оқыту мен тәрбиелеудің өзге де құралдарын таңдау;

8) білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, әдістемелік материалдар мен білім беру қызметінің өзге де компоненттерін, сондай-ақ оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу құралдарын әзірлеуге қатысу;

9) жұмыс орны бойынша сайланбалы лауазымға сайлану және оны атқару;

10) білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, оның ішінде білім беру ұйымының қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысу;

11) білім беру ұйымын басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысу;

12) бес жылда кемінде бір ретбіліктілікті арттыру;

13) үздіксіз кәсіби даму және біліктілікті арттыру нысандарын таңдау;

14) біліктілік санатының мерзімінен бұрын берілуіне;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке педагогтік қызмет;

16) кәсіби қызметтегі жетістіктері үшін көтермелену;

17) «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттарда кәсіби дағдыларды қолдау және арттыру үшін «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша тағылымдамадан өту;

19) өзіне қатысты қабылданатын ұйым басшысының актілеріне, әрекеттеріне және шешімдеріне жоғары тұрған лауазымды адамдарға немесе сотқа шағымдану;

20) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан ар-намысы мен қадір-қасиетіне құрмет көрсетілуіне құқылы;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтары бар.

Педагог міндетті:

1) өз қызметінде тиісті кәсіби құзыреттерге ие болуға;

2) оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық қағидаттарын сақтауға, оқыту мен тәрбиелеу сапасын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген талаптардан төмен емес деңгейде қамтамасыз етуге;

3) өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеушілік, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, оның ішінде біліктілік санатының деңгейін кемінде бес жылда бір рет арттыруға (растауға);

4) педагогтік әдепті сақтауға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті мерзімдік медициналық тексеруден өтуге;

6) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

7) балаларды заңға, адам мен азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-аналарына, үлкендеріне, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге, жоғары адамгершілікке, патриотизмге, қоршаған ортаға ұқыпты карауға құрмет рухында тәрбиелеуге;

8) білім алушылар мен тәрбиеленушілерде өмірлік дағдыларды, құзыреттіліктерді, дербестікті, шығармашылық қабілеттерді дамытуға және салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға;

9) өмірлік қиын жағдайға тап болған баланы анықтау фактілері туралы білім беру ұйымының басшылығына дереу хабарлауға;

10) кәмелетке толмағандардың қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар, оның ішінде білім беру ұйымынан тыс кәсіптік қызметіне байланысты өзіне белгілі болған әрекеттерді (әрекетсіздікті) жасау фактілері туралы құқық қорғау органдары мен білім беру ұйымының басшылығына дереу хабарлауға;

11) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-аналарға немесе өзге де заңды өкілдерге консультация беруге.

Педагог білім беру процесін саяси үгіттеу, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді саяси, діни немесе өзге де сенім-нанымдарды қабылдауға не олардан бас тартуға мәжбүрлеу үшін, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық немесе діни алауыздықты қоздыру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни немесе тілдік тиесілік белгісі, дінге көзқарасы бойынша азаматтардың ерекшелігін, астамшылығын не кемшіндігін насихаттайтын, оның ішінде білім алушыларға Қазақстан Республикасының ұлттары мен ұлыстарының тарихи, ұлттық, діни және мәдени дәстүрлері туралы анық емес мәліметтерді хабарлау арқылы үгіттеу үшін, сондай-ақ білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін әрекеттерге итермелеу үшін пайдалануға құқылы емес.

36. Кәсіпорынның осы жарғыда бекітілген қызметін жүзеге асыруға, сондай-ақ оның қызметінің мәні мен мақсатына сай келмейтін мәмілелер жасауға құқығы жоқ.

37. Кәсіпорынның жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған

басшының іс-әрекеті еңбек міндеттерін бұзу болып табылады және тәртіптік және материалдық жауапкершілік шараларын қолдануға әкеп соғады.

#### 4-тарау. Кәсіпорынды басқару

38. Ақмола облысының әкімдігі:

1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорынның жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

3) Кәсіпорынға коммуналдық мүлікті бекітеді;

4) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

5) осы жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен өзіне жүктелген өзге де өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

39. Тиісті саланың өкілетті органы:

1) Кәсіпорын бюджетінен қаржыландырылатын қызметтің басым бағыттарын және жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) міндетті көлемін анықтайды;

2) Кәсіпорынның даму жоспарларын және олардың орындалуы бойынша есептерді қарайды, келіседі және бекітеді;

3) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

4) Кәсіпорынның мүлкін пайдалануға және сақтауға бақылауды қамтамасыз етеді;

5) Кәсіпорын мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

6) Кәсіпорынның жыл сайын еңбекақы қорының мөлшерін белгілейді;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен өз құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелерді шешеді.

40. Кәсіпорынның органы оның басшысы, сондай-ақ осы жарғының 5-тарауында көзделген жағдайларда бақылау кеңесі болып табылады.

41. Тиісті саланың уәкілетті органы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы кәсіпорын басшысымен еңбек қатынастарын ресімдейді.

42. Кәсіпорын басшысы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда айқындалатын оның құзыретіне сәйкес кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін дербес шешеді.

43. Басшы:

1) сенімхатсыз кәсіпорын атынан әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

- 4) сенімхат береді;
- 5) банк шоттарын ашады;
- 6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 7) Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес кәсіпорын қызметкерлерімен еңбек шартын жұмысқа қабылдайды және бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және оларға жаза қолданады;
- 8) тиісті саланың уәкілетті органына өз орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін кандидатуралар ұсынады;
- 9) өз орынбасарларының және Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;
- 10) дербес жауапты болады:  
Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі және мүлкінің сақталуына;  
таза кірістің белгіленген бөлігін бюджетке уақтылы аудармауға;  
Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды ұйымдастыруға;
- 11) Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылауды жүзеге асырады және ол үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады;
- 12) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

44. Кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен уақытша, банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда оны басқару жөніндегі барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша, банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға ауысады.

### **5-тарау. Кәсіпорынның мүлкі**

45. Кәсіпорынның мүлкін Кәсіпорынның активтері құрайды, олардың құны оның балансында көрсетіледі.

46. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталға қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде кәсіпорын қызметкерлері арасында бөлуге болмайды.

47. Кәсіпорынның мүлкі:

- 1) меншік иесі оған берген мүліктен;
- 2) өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүліктен (ақшалай кірістерді қоса алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздерден тұрады.

48. Кәсіпорынның басқаруында тек оның жарғылық мақсаттарында көзделген қызметті қамтамасыз ету үшін қажет немесе осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлік бола алады.

49. Жедел басқару құқығын алу және тоқтату, егер осы жарғыда өзгеше көзделмесе немесе осы заттық құқықтың сипатына қайшы келмесе, меншік құқығын және өзге де заттық құқықтарды алу және тоқтату үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген шарттарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

50. Жедел басқарудағы мүлікті пайдаланудан түсетін жемістер, өнімдер мен кірістер, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша сатып алған мүлік меншік құқығын алу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның жедел басқаруына түседі.

51. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе меншік иесінің шешімінде өзгеше белгіленбесе, меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған мүлікті жедел басқару құқығы Кәсіпорында мүлікті оның балансына бекіту сәтінде туындайды.

52. Кәсіпорын негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен шығаруға құқылы емес.

53. Кәсіпорынның мүлкіне жедел басқару құқығы меншік құқығын тоқтату үшін Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген негіздер бойынша және тәртіппен, сондай-ақ «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 154, 162-баптарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

54. Кәсіпорын негізгі құралдарға жататын өзіне бекітілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзге де тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті тиісті саланың уәкілетті органының ұсынуы бойынша мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органның жазбаша келісімімен ғана беруге және есептен шығаруға құқылы.

55. Кәсіпорын өзіне жедел басқару құқығымен бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

## **6-тарау. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру**

56. Кәсіпорынның қызметі даму жоспарына сәйкес бюджет қаражатынан және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған өз табысынан қаржыландырылады.

57. Кәсіпорын корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей таза табыстың бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды жүргізеді.

58. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімдер мен басқа материалдарды дербес сатады.

59. Кәсіпорынның Жарғыда көзделмеген Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған қызметті жасаудан алған кірістері, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құрылған өткізілетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) белгіленген бағаларды асыра бағалау нәтижесінде алынған кірістер Қазақстан Республикасының заңнамасында

айқындалатын тәртіппен бюджетке алынуға жатады. Бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша мүлікті тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

### **7-тарау. Кәсіпорынның жарғылық капиталы**

60. Кәсіпорынның жарғылық капиталы жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін меншік иесінен басқармаға алынған мүліктен құрылады.

### **8-тарау. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі**

61. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына және кәсіпорын басшысы мен ұлттық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес келісілген басқару органы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

62. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігіне мыналар кіреді: бухгалтерлік баланс, кірістер туралы есеп, ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп, капиталдағы өзгерістер туралы есеп, түсіндірме жазба.

### **9-тарау. Кәсіпорынның жауапкершілігі**

63. Кәсіпорын өзінің қарауындағы ақшамен өз міндеттемелері бойынша жауап береді. Осы заңды тұлға таратылған жағдайларды қоспағанда, кәсіпорынның қалған мүлкінен өндіріп алуға жол берілмейді.

64. Кәсіпорын мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

### **10-тарау. Кәсіпорынның қызметкерлеріне еңбекақы төлеу**

65. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйым қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен белгіленеді.

### **11-тарау. Еңбек ұжымымен өзара қатынас**

66. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

67. Кәсіпорынның жұмыс режимі ішкі еңбек тәртібінің ережелерімен белгіленеді және Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуге тиіс.

### 12-тарау. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

68. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату құрылтайшының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

69. Кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін Құрылтайшы қайта бөледі.

70. Кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған кәсіпорын мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, таратылған Кәсіпорынның ақшасы тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

### 13-тарау. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

71. Құрылтайшы Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

Басшы

*Билал Т.В.*  
Т.А.Ө.

*Билал*

КОЛЫ